

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

"Иллюзия өнері" қазақ тілі 5-сынып

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.02.2018

СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/28153/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Тақырыбы: Иллюзия өнері. Зат есімнің мағыналық түрлері

Сабақ: Мұғалімнің аты-жөні: **Маринова Арайлым Серікқызы**

6/8

Сынып: 5 «В»

Мектеп: «Б.Алтынсарин атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары 5.05. Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру.

5.ӘТН4.2 Зат есімдердің мағыналық түрлерін ажырата білу.

Сабақ мақсаттары

Барлық оқушылар орындай алады:

Мәтінді мұқият оқиды, 1 сұрақ құрастырады, зат есімнің мағыналық түрлерін біледі.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады:

Мәтін мазмұнын түсінеді, сұрақтар құрастырады, зат есімнің мағыналық ерекшелігін біледі.

Кейбір оқушылар орындай алады:

Мәтін мазмұнын түсінеді, нақты ақпаратты анықтауға арналған сұрақтар құрастырады, зат есімнің мағыналық түрлерін ажыратып, мысалдар келтіреді.

Оқу мақсатының

деңгейлері

Білу, түсіну

Құндылықтар

Иллюзия өнерімен танысу, зат есімнің мағыналық түрлерін білу.

Пәнаралық байланыс

өнер, тарих

Бағалау критерийі

— Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпаратты анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады.

— Зат есімнің мағыналық түрлерін ажыратады.

-Оқушылар уақытты тиімді пайдалана алады, тапсырмалар орындауға топ мүшелері толық қатысып отырады.

Алдыңғы оқу:

Қиял мен шындық бірлігі

Жұмыс жоспары

Жоспарланған уақыт

Жоспарланған жаттығу түрлері

Ресурстар

Басы
5-мин

1.Ұйымдастыру кезеңі

Сыныпта эмоционалды-позитивті көңіл-күй қалыптастыру мақсатында «Теңіз түбіне саяхат» жасаймыз. Қиялымызға ерік береміз. Көзіңізді жұмыңыз және бірнеше рет терең тыныстаңыз; денеңізді босатыңыз. Бірнеше секундтан соң теңіз түбіне саяхат жасаймыз. Теңіз жағасымен келе жатқаныңызды елестетіңіз. Теңіз толқындарына, шағалалардың шуылына құлақ түріңіз. Жалаң аяқтарыңызбен құмды сезіңіз. Шалғайдан қара нүкте көріп тұрсыз: ол жақындаған кезде дельфин екенін түсіндіңіз. Ол сізді теңіз түбіне алып кету үшін келді. Ол өте әдепті, сізді шыдамдылықпен күтіп тұр. Жайлап оның арқасына отырыңыз, мықтап ұстап, жолға шығыңыз. Дельфиннің арқасында жайланып отырып, өзіңді қауіпсіз сезіну, су астында жүзу қандай керемет. Жан-жағыңызға қараңыз: мұнда кемпіркосақ тәрізді арлы-берлі жарқырай қалқыған әсем балықтар қаншама. Теңіз түбіне бойлаған сайын айнала қалайша өзгереді, суда тербелген қаншама ғажайып балдырлар. Қараңызшы, қандай орасан зор балықтар. Су асты неткен қызықты әрі ғажап әлем. Сіз бір нәрсені байқадыңыз ба? Мұнда неткен тұңғыш, толық тыныштық. Осы тыныштық күйде болыңыз.(Мұғалім бірнеше секунд үнсіз қалады).

Ал қазір жоғарыға, өз әлемімізге кері қайтуға дайындалыңыз. Айналаға жіті қараңыз. Ғажап түстерге тағы бір рет қараңыз және тыныштыққа құлақ түріңіз. Осындай тыныштық сізге самалдай әсер береді. Енді дельфин кері қарай жолға шықты. Сіз су бетіне шықтыңыз, жағаға жақындадыңыз. Дельфиннің арқасынан түсіңіз, оны сипалаңыз және осындай ғажап саяхатқа апарғаны үшін ризашылық білдіріңіз.

Сыныпқа оралыңыз және өз орныңызға келіңіз. Бірнеше секундтан соң көзіңізді ашыңыз, осы түйсінген тыныштықты өз бойыңызда сақтауға тырысыңыз.

Топтастыру

Оқушылар мұғалім партасының үстінде жасырылып тұрған бірнеше қиял ғажайып ертегі кейіпкерлерінің суреттерін тандап алады. Кімге қандай сурет түсті, сол арқылы топқа бөлінеді.

1-топ - «Көлтауысар»

2-топ - «Таусоғар»

3-топ - «Желаяқ»

4-топ - «Алтын балық»

2.Өткен сабақ бойынша қайталау мақсатында берілетін тапсырма. «Шындық-Жалған» әдісі бойынша жүргізіледі. Екі топқа да бірдей тапсырма беріледі. Олар берілген сөйлемдердегі ақпараттың шындық-жалған екенін ажыратады

| |
|--------|
| Шындық |
| Жалған |

АКТ
Жан тербетер әуен

Топтасу

«Шындық па жалған ба?» әдісі

| |
|--|
| 1.Тіл-қарым-қатынас құралы 2.Өмірде жануарлар да сөйлей алады 3.Қиял -адамға ғана тән қасиет 4. Қиялдың шегі бар 5. Біз 5-сыныпта оқимыз 6.Қазір жаз мезгілі 7.Мұқият тыңдау -әдептілікке жатады |
|--|

«Бас бармақ» әдісі

Кері байланыс. Өр топ «Бармақ» әдісі арқылы бағалайды. Бағалау себебін бірнеше оқушыдан сұралады.

— нашар -өте жақсы — орташа

Ортасы
35 мин

Жаңа тақырыпты бейнеролик арқылы болжайды. «Иллюзия өнері» туралы қысқаша айтып өтемің. Сабақ мақсатын слайд арқылы көрсетемін. Енді сол арқылы оқушылар өздерінің бүгінгі сабақтағы мақсатын айқындайды.

- Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпаратты анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру
- Зат есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу
- Қарсы топты әділ бағалау....

<https://r2--sn-35153iuxa-5a5z.googlevideo.com/videoplayback?ei=RAInWubPEJemd>

1-тапсырма. Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпаратты анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру.

«Ашық микрофон» әдісі

Мәтін

Менің есімім Жеңіс. Мен иллюзионистпін. Иллюзия жанрына кішкентайымнан қызығамын. Әрине, оның оянуына бірден-бір әсер еткен тұлға — иллюзионист Дэвид Копперфильд. Кішкентайымда оның өнеріне қызығып, бірнеше фокусты үйрендім. Оның бірін біреу үйретсе, біреуін бір жерден көріп алдым. Барлығын бірден жаттап алып, отбасыма, достарыма қайта-қайта көрсете беретіндігім әлі есімде.

Мен көрермендерге сиқыр көрсеткенде оларға эмоция, кішкентай сәбидің пәк күлкісін сыйлағым келеді. Өйткені үлкен адамда күлкі пайда болғанда, ол миллисекундқа кішкентай сәбиге айналады. Сол кезде оның жан дүниесінен шынайы бір сезім шығады. Мен сиқырды, шыны керек, сол бір сәт үшін ғана жасаймын. Біреуге осындай сезім сыйлай алатындығыңды көргенде, ол адамның сені, сенің оған сыйлаған эмоцияларыңды есінде сақтап қалады.

«Сәйкестендіру» әдісі

«Ашық микрофон» әдісі арқылы жауап береді

Дескриптор

- мәтінді мұқият оқиды;
- мазмұнын түсінуге бағытталған сұрақтар құрастырады;

2-тапсырма. Зат есімнің мағыналық түрлерін «Сәйкестендіру» әдісі арқылы ажыратады

| | | |
|-----------------|-------------------------|--------------------------|
| Зат есім | Деректі зат есім | Дерексіз зат есім |
| Адам | | |
| арман | | |
| Сезім | | |
| Мектеп | | |
| Орындық | | |
| Достық | | |
| Көше | | |
| Сағат | | |

«СМС» әдісі

Дескриптор.

- Берілген зат есімдерді мағыналық түрлеріне ажыратады;
- Уақытты тиімді пайдаланады;

Кері байланыс. «СМС» әдісі арқылы кері байланыс ұсынылады. Ұялы телефон суретіне жұмысты бағалап хабарлама жібереді.

Соңы
5 мин

Сабақты қорыту

Кері байланыс. «Білім қоржыны» әдісі арқылы жүргізіледі

Мен сабақты өте жақсы түсіндім. Сабақ қызықты өтті.

Бұл тақырып бойынша әлі де ізденуім керек

«Білім қоржыны»

Мен сабақты жақсы түсіндім.

Үй тапсырмасы

Үйге: Қазақстанның иллюзионистері туралы ақпарат жинау.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.